



ФРАНЦИЯ

Франция Республикасы
— Батыс Еуропадағы ең ірі мемлекет, жерінің ауданы жағынан олҰлыбританиядан екі есе үлкен. Францияның құрамына Корсика аралы, Жерорта теңізі мен Бискай шығанағындағы ұсақ аралдар енеді. Француз одағы деп аталатын бірлестікке бес шалғай департамент (Кариб теңізі алабындағы Гваделупа, Мартиника, Оңтүстік Америкадағы Гвиана, Үнді мұхитындағы Реюньон, Атлант мұхитындағы Сен - Пьер мен Микелон) және т.б. жатады.



Халық саны 64,6 млн адам (1 шілде 2014). Француздар өз елін «гексагон» (алтыбұрыш) деп атайды. Еуропаның батысында орналасқан елдің негізгі аумағының құрылықтағы шекаралары солтүстікте Бельгия мен Люксембург, шығыста Германия мен Швейцария, ал оңтүстік - шығыста Италия және Монакомен, оңтүстік - батыста Испания және Андорра шектеседі.



Тарихы

Франция аумағын адамдар ең ежелгі заманнан бастап мекендеген. Палеолит пен мезолиттің ғылымға белгілі негізгі мәдениеттерінің бірқатары Франциядағы жер атауларына байланысты (шелль, ашель, мустье, ориньяк, солютрей, мадлен, азиль, тарденуаз). Оңтүстік Франциядағы палеолит кезеңіне тән үңгірлер (Фон-де-Гом, Ласко, Монтеспан, т.б.) жартастарға салынған суреттерімен көпке танымал.




Өнеркәсібі



Екінші дүниежүзілік соғыстан соң Франция үкіметі соғыста күйзелген экономикасын қалпына келтірумен қатар, өндірістің мүлдем жаңа салаларын дамыта бастады. 1950 жылдан бері өнеркәсіп өндірісі 4 есеге жуық өсіп, өнеркәсіпте жұмыс істейтіндердің саны соңғы 20 жылда 1,5 млн адамға қысқарды. Мұның өзі еңбек өнімділігінің артуы мен өнеркәсіп жүйесінің құрылымдық өзгерістері нәтижесінде мүмкін болды.

Экономикасы

Франция — жоғары дамыған индустриялы-аграрлы ел. Өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі бойынша дүние жүзінде 4-орын (АҚШ, Жапония, Германиядан кейін), Еуропада Германиядан кейін 2-орын алады. Ұлттық табысты жан басына шаққандағы жылдық мөлшелері 24990 АҚШ долларына тең (2003 ж).





Франция автомобильдер шығару жөнінде дүние жүзінде 3-орын, авиациялық және ғарыштық техника өндірісі бойынша Еуропада 1-орын алады. Сондай-ақ экспортқа көп мөлшерде қару-жарақ, АЭС-тер үшін құрал-жабдықтар, химикаттар, маталар мен киім-кешек шығарады. Француз өнеркәсібінің жетекші салаларына автомобиль жасау, химия мен мұнай химиясы, ұшақ жасау (аэробустар мен әскери ұшақтар), электроника, металлургия, темір жолы техникасын шығару жатады.

Табиғаты

Францияның көпшілік бөлігі жалпақ жапырақты ормандар аймағында орналасқан. Қиыр оңтүстік жерортатеңіздік субтропиктер алып жатыр.

Жағалаулары негізінен аласа, аккумулятивті немесе лагуналы, құрлыққа еніңкіреп жатқан шығанақтары бар

([Атлант мұхиты](#) Францияның көпшілік бөлігі жалпақ жапырақты ормандар аймағында орналасқан.

Қиыр оңтүстік жерортатеңіздік субтропиктер алып жатыр. Жағалаулары негізінен аласа, аккумулятивті

немесе лагуналы, құрлыққа еніңкіреп жатқан

шығанақтары бар (Атлант мұхиты жағалауларында

Бискай, Сен-Мало, [Жерорта теңізі](#) Францияның

көпшілік бөлігі жалпақ жапырақты ормандар


аймағында орналасқан. Қиыр оңтүстік

жерортатеңіздік субтропиктер алып жатыр.

Жағалаулары негізінен аласа, аккумулятивті немесе



Қазақстан мен Франция



Қазақстан мен Франция арасындағы тауар айналымы 2008 жылы 6,201 миллиард долларды құрады. Ал Қазақстан Францияға негізінен мұнай, металдар және металл құрылғыларын, химия өнімдерін, ауылшаруашылық өнімдерін экспортқа шығарып келеді. Қазақстан болса, Франциядан электр және электрондық бұйымдар және оның жабдықтарын, медициналық дәрі-дәрмек, авто көлік, тамақ өнімдерін және құрылыс материалдарын алады. Осы тұста айта кетейік, Франция элиталық тауарлар ретінде шарап, теңіз өнімдері шикізаттарын, киім-кешектер, тағы басқа тұрмысқа қажетті бұйымдарды жеткізеді.





**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!**

